«6D090500 – Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Амирбекова Гулмира Есенбековнаның «Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегуші балаларды әлеуметтік оңалту» тақырыбында дайындаған диссертацияның

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Аутизм спектрінің бұзылуы бар (АСБ) балаларда әлеуметтік өзара әрекеттесу бойынша мәселелердің болуы, қызығушылықтары мен ойын әрекеттеріндегі қиындықтар, стереотиптік мінез-құлықтың орын алуы, сөйлеудің және ауызша коммуникацияның бұзылуы, интеллектуалдық күйзелістер, сонымен қатар оларды үйлестірудің бұзылуы, кеңістікте бағдарлануды дұрыс сезінбеу, соның нәтижесінде жүру мен қозғалыстың дұрыс қалыптаспауы мүмкін. Мұндай балалар әлеуметтену, білім алу және қалыпты өмір сүру үшін сапалы кешенді оңалтуды қажет етеді.

Қазақстанда да АСБ бар балалар санының да жыл өткен сайын артуы (2020 жылы 6 771 бала, 2022 жылы 12 087 бала), әлеуметтік оңалту мен педагогикалық қолдаудың жеткіліксіз болуы, мамандандырылған мекемелер санының аздығы, сонымен қатар білікті мамандардың жеткіліксіздігі, аутистикалық бұзылулар көріністерінің алдын алудың айтарлықтай дұрыс жолға қойылмауы көптеген жағдайларда психикалық және әлеуметтік дамудың ауыр салдарына алып келуімен сипатталады.

Қазақстанда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы пәнаралық технологиялар мен әдістер, түзету педагогикасы, әлеуметтік психология саласындағы жаңа және жоғары әлеуметтік сұранысқа ие ғылыми бағыттар, АСБ-нан зардап шеккен адамдардың барынша табысты әлеуметтік дамуына ықпал ететін жағдайларды анықтау, оларды қоғамға бейімдеуге қол жеткізу үшін әлеуметтік қолдау мен көмектің арнайы әдістері мен мазмұнын әзірлеу қажеттілігі зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты – аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың ғылыми әдіснамасын теориялық негіздеп, оларды оңалтудың жеке тұлғаға бағдарланған моделін дайындау және Қазақстанда АСБ бар балаларды оңалтуға арналған тәжірибелерді сараптау.

Зерттеудің міндеттері:

- Балалар аутизмі дертінің, аутистік спектр бұзылысының (АСБ) әлемдік және отандық ғылымда зерттелуін ғылыми-теориялық негіздеу;
- Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуіндегі отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның әсерін жүйелеу;
- Қазақстандағы аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалту мен қолдау бағдарламаларына талдау жасау;
- Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделін дайындап ұсыну;
- АСБ бар балаларды оңалту бағдарламасын жүзеге асырудың эксперименттік тәжірибелері, әдістемелік талаптар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- Әлеуметтік оңалту мамандарының кәсіби ұстанымының ерекшелігін талдау және негіздеу.

Зерттеудің жалпы гипотезалары:

1 Гипотеза. Қазақстанда АСБ бар әрбір баланы әлеуметтік оңалтудағы күрделі қиындықтарға қарамастан, өзінің және жақындарының өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін, эмоционалды тұрғыдан жекелік сипаттамаларға, физикалық, психикалық, психологиялық ерекшеліктерді ескеруге негізделген, жеке тұлғаға бағдарланған оңалту жүйесі танымдық дамудың жағымды мүмкіндіктерін қалыптастырады.

2 Гипотеза. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың психикалық және әлеуметтік даму проблемаларының сипатына қарай кешенді эмоционалдық, психологиялық, педагогикалық түзету, коммуникативтік, тепе-теңдікті үйлестіру, мотивациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жағымды өзгерістер мен дамуды қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

3 Гипотеза. АСБ бар балаларды оңалту үдерісінде мамандармен қатар ата-аналарды белсенді қатыстыру, балалардың қажеттіліктері мен индивидуалдық ерекшеліктерін ескеру және есепке алу әрдайым нәтижелілікке алып келеді.

Зерттеу жұмысының әдістері:

Жалпы ғылыми зерттеу әдістерінің кешені: зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді зерттеу және талдау, сараптамалық зерттеулер, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда АСБ бар балалардың мінез-құлқын бақылау, эксперимент жүргізу, сондай-ақ арнайы әлеуметтік-психологиялық әдістер, отбасы мүшелері мен арнайы мамандарға кеңес беру материалдары, дамыту және түзету сабақтарын құрастыру әдістері. Эмпирикалық деректерді талдау кезінде деректерді статистикалық өңдеу әдістері қолданылды.

«Асыл Мирас» балалар орталығының 12 мамандарымен эксперттік сұхбат (жеке стандартталған сұхбат face-to-face технологиясын қолдану арқылы) және балалары аутистік спектр бұзылысынан зардап шегуші 5 отбасымен тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Қазақстанда аутизм дертінен зардап шегіп отырған балаларды оңалту тәжірибесін толықтыру және зерделеу, нақты қолданылған кешенді оңалту бағдарламасының ғылыми-әдістемелік негіздері тұжырымдалды. Оларды тәжірибеге ендіру мақсатында Шымкент қаласындағы Б.Өтемұратовтың жеке қоры қаржыландыратын «Асыл Мирас» аутистік спектр бұзылысы бар балаларға арналған орталығында 2019 жылдың 2 қыркүйегі мен 2020 жылдың 18 мамыр айы аралығында эксперименттік тәжірибе оңалту және түзету бағдарламалары негізінде жүргізілді. Экспериментке осы орталықтың тренер-оқытушысы, логопед, психолог, 2 әлеуметтік қызметкер және аутистік спектр бұзылысы бар 7 мен 11 жас аралығындағы 5 оқушы қатысты.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Балалар аутизмі дертінің, аутистік спектр бұзылысының (АСБ) әлемдік және отандық ғылымда зерттелуін ғылыми-теориялық негіздей отырып, аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалту ұғымына, оның заманауи әдістерінің потенциалына авторлық интерпретация жасалынды;

2. Аутистік спектр бұзылысы бар балалардың әлеуметтенуіндегі отбасы мен қоршаған әлеуметтік орта ролінің маңыздылығы дәлелденді;

3. Аутистік спектр бұзылысы бар балаларды оңалту мен қолдауға арналған Қазақстандық әлеуметтік бағдарламалардың мазмұны мен қол жеткізген нәтижелеріне сараптамалық талдау жасалынды;

4. Аутистік спектр бұзылысы бар (АСБ) балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі дайындалып ұсынылды;

5. АСБ бар балаларды оңалту бағдарламасын жүзеге асырудың эксперименттік тәжірибелері негізінде әдістемелік талаптар бойынша ұсыныстар әзірленді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысы АСБ бар балаларды әлеуметтік оңалту туралы отандық, шетелдік ғылыми білімді теориялық негіздеген мемлекеттік тілде жазылған жұмыстардың бірі. Жұмыста жан-жақты, көп салалы сипатына байланысты аутистік спектр бұзылысы бар балаларды әлеуметтік оңалту мәселесі әлеуметтік жұмыс, педагогика, психология, дефектология, медицина, құқықтану қиылысында орналасқан әртүрлі ғылымдардың жалпы пәндік өрісі кешенді қарастырылды. Бұл ғылымдардың әрқайсысы АСБ бар балаларды кешенді түрде оңалту үдерісінде орын алатын мәселелерге қатысты салалық тұрғыдан қызмет көрсетеді. Аутизм дертіне шалдыққан балаларды әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-медициналық тұрғыдан зерттеген әдебиеттерге шолу жасалып, АСБ бар балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне жеке бағдарланған тәсілдің осы санаттағы балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық стратегиясы анықталды. Бұл үдерісте науқас баланың оңалуға деген потенциалдық мүмкіндіктері мол екендігі әлеуметтік жұмыс ғылымының бағытында тұжырымдалады.

Диссертациялық жұмыста АҚШ-тың Массачусетс штатындағы Биллерика мемлекеттік мектептерінің, оның ішінде инклюзивті сыныптары бар Parker Elementary бастауыш мектебінің аутист балалармен жүргізетін жұмыстары, қолданып отырған жаңа технологиялары мен әдіс тәсілдері туралы мағлұматтар беріледі.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы.

Зерттеу АСБ бар балаларды оңалту орталықтарында олардың әр түрлі ортаға бейімделуін, білім алуын, басқалармен қарым-қатынас орнатуын, спортпен шұғылдануын қолдаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Зерттеудің нәтижелері АСБ бар балаларға көмек көрсету, қолдау, оны жүзеге асыру стратегияларын құруда орталық, мектеп мамандары үшін пайдалы ғылыми ақпарат бола алады.

Зерттеудің негізгі нәтижесі болып табылатын әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне негізделген АСБ бар балалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшелігіне жеке бағдарланған тәсілдің осы санаттағы балаларды әлеуметтік оңалтудың тұжырымдамалық стратегиясы әлеуметтік оңалту мамандарының жұмыс бағытына ұсынуға болады.

Теориялық тұжырымдар мен эмпирикалық зерттеулердің қорытындысы АСБ бар балаларды оңалту орталықтары мен мектептерде тиімді іс-шаралар мен

интервенциялық бағдарламалар әзірлеу үшін әдістемелік негіз бола алады, балалардың әлеуметтік бейімделуі мен оларды оңалтуда әлеуметтік жұмыс тәжірибесін кеңейтуге көмегін тигізеді.

Қорғауға шығарылған тұжырымдар:

1. АСБ бар балаларда аффективті, эмоционалды-тұлғалық, танымдық дамуындағы проблемалар көп жағдайда оның бүкіл өмірімен бірге жүреді. Сондықтан, балаларды оңалтуда дамуындағы ақауларға бейімделу ғана емес, олардың қоршаған ортамен өзара әрекеттесу кезіндегі белсенділіктері мен икемділіктерін арттыруға мән берілуі тиіс. Қазақстандық практикада ABA, TEACCH, Son-rise, пәндік терапия методикасы аясында жалпы позитивті ортаны қалыптастыруға, баланың эмоционалдық көңіл күйін, коммуникативтік қабілетін дамытуға және белсендендіруге, мінездің жағымсыз жағын (негативизм) түзетуге, қорқыныш-үрейді, агрессияны түбегейлі өзгертуге, стигматизацияны жеңуге бағытталған әлеуметтік бейімдеудің заманауи әдістерінің потенциалы жоғары екендігі расталды.

2. Ата-ананың жеке және әлеуметтік ресурсы отбасының өмір сүру сапасын жақсартуға, аутистік спектр бұзылысынан күйзеліске ұшыраған балалардың тиімді әлеуметтенуіне және жалпы оңалту шараларының мазмұнына әсер етеді. Отбасы аутистік спектр бұзылысы бар баланы әлеуметтік оңалтуға тікелей мүдделі мамандардың тең құқылы серіктесі ретінде тәрбиелік, мәдени және интеллектуалдық әлеуетін дамытқан жағдайда баланың тұлғалық дамуында аса маңызды роль атқарады. АСБ бар балалардың ата-аналары оларға қатысты қоғам арқылы қалыптасқан мәдени стереотиптерді, стигматизацияны жеңуге дайын болған жағдайда азаматтық сана мен құндылықтарды таратудың негізгі агенті ретінде БАҚ құралдарының, телевизиялық бағдарламалар, әлеуметтік желілер, арнайы жеке оңалту орталықтар қызметіне жүгіне отырып қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына әсер ете алатындығы анықталды.

3. Қазақстанда АСБ бар балаларға арналған әлеуметтік бағдарламалар инклюзивті қоғамның негізгі өлшемі болып табылатын әлеуметтік қауіпсіз ортаны құруға бағытталған дамыған батыс елдерінің модельдерін практикаға ендіруге бағытталған. Басты жетістік – ата-аналардың бағдарламаларды жүзеге асыруға, мамандар қабылдаған шешімдерді орындауға көмектесуге мүдделі тарап ретінде барлық этаптарда қатысуы. Ұқсастықты, қиялды, қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру, әлеуметтік әрекеттерді түсіне қабылдау мен қолдану бойынша жұмыстарды қамтиды. Кемшілік тұстары – бағдарламаларды дайындау және жүзеге асыру кезіндегі ведомствоаралық өзара іс-қимылдың төмен деңгейі және бірлесе жұмыс атқарудың дұрыс ұйымдастырылмауы. Іс-шаралардың кешенділігінің жеткіліксіздігі және аутистік спектр бұзылысы бар балалармен жұмыс істеуде жеке-бағдарлы көзқараспен тиімді үйлестірілмеуі балалардың тәуелсіз өмір сүру және қоғамға сәтті бейімделу мүмкіндігін айтарлықтай төмендететіндігі және тежейтіндігі көрінді.

4. Аутистік спектр бұзылысы бар (АСБ) балаларды әлеуметтік оңалтудың жеке тұлғалық бағдарланған моделі диагноз жасау арқылы әрбір баланың қажеттіліктеріне сай жеке жоспарлардың дайындалуымен жүзеге асырылады.

Баланың жеке сипаттамалары мен мінез-құлық ерекшеліктері негізінде тұлғалық даралықты қалыптастыруға бағытталады. Психологиялық-педагогикалық әдістердің әртүрлі тәсілдерін, физикалық оңалту әдістерін, роллер-спортпен айналысуды қамти отырып, инновациялық әдістерді жеңілден күрделіге қарай біртіндеп енгізуді, өзін-өзі модельдеудің тиімлігін аңғарылды.

5. Оңалту бағдарламасын жүзеге асыруды эксперименттік тәжірибелермен толықтыру негізінде АСБ бар балалардың әлеуметтік ортасы өмір сапасының көрсеткіші ретіндегі аса маңызды екендігі анықталды. Сондықтан, әр отбасы туралы толық мағлұмат алу, диагноз жасауға жауапкершілікпен қарау, әр балаға диагностикалық карта дайындау басты шарт. Оңалту үдерісіндегі басты қағида: балаларды шаршатпау, қарапайым іс-әрекеттерден күрделіге қарай көшу, жас ерекшеліктеріне қарай жеке дағдыларды қалыптастыру, ақпаратты көрнекі түрде демонстрациялау, заманауи құралдар мен технологияларды тиімді қолдану арқылы өмір сапасының жаңа стандарттарына сай АСБ бар баланың өмірге қызығушылығын қалыптастыруға болатындығына дәлелденді.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында 5 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, Scopus ғылыми журналдарының халықаралық деректер базасына енгізілген шетелдік басылымдарда 1 жарияланды «Journal of human behavior in the social environment» (52-процентиль)

Зерттеу жұмысының ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі. ҚР «Білім туралы» Заңына (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III); ҚР Еңбек Кодексіне (2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ); «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы); «Өмір бойы оқу (үздіксіз білім беру)» тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысы); Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы); Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы), ҚР Әлеуметтік кодексіне (2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ҚРЗ) және басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес келеді.